"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
ШЫҒЫС № 16-02-774
14 05 26

**Мектеп басшыларына**

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің 4 мамыр 2026 жыл5ы № 01-16/24 хатын ақпарат үшін жолдайды.

Қосымша 4 бет тіркелді.

**Басшының м.а.** **Б.Самылтыров**

*Орындаған: Г.Жамалбекова*
*87021731498*

SCAN AnyScanner

**ПАТРИОТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС**
**«ЖЕЛТОҚСАН АҚИҚАТЫ»**
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**
**ЖСН 090340017289**

Қазақстан Республикасы, 050063, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Өжет ықшам ауданы, Балпық би көше бұрышы, 22 үй.
тел.: +7 (707) 387-40-35, +7 (707) 814-17-80
email: zheltoksan.akikaty@mail.ru

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ОБЩЕСТВЕННОЕ ОБЪЕДИНЕНИЕ**
**ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ**
**«ЖЕЛТОҚСАН АҚИҚАТЫ»**
**БИН 090340017289**

Республика Казахстан, 050063, город Алматы, Алатауский район, микрорайон Өжет, угол улица Балпық би, дом 22.
тел.: +7 (707) 387-40-35, +7 (707) 814-17-80
email: zheltoksan.akikaty@mail.ru

**ШЫҒЫС №01-16/24**
**«04» мамыр 2026 ж.**

**Жамбыл облысының әкімі**
**Е.Ш.Қарашөкеев мырзаға**

**Құрметті Ербол Шырақпайұлы!**

Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Бірлестік) – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің бастауы болған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың мүддесін қорғау мақсатында желтоқсаншылардың басын біріктіріп отырған республикалық ұйым.

Бірлестік 2009 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңды түрде тіркелген. Қазіргі таңда еліміздің аумағында 15-тен астам филиал жұмыс істейді. Ұйым мүшелерінің саны 2 500-ден асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: *«1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарына қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты... Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек»*, – деп атап өтті.

Тарихи деректерге сәйкес, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне 20–30 мыңға жуық қазақ жастары қатысқан. Көтеріліске негізінен студенттер мен жұмысшы жастар шықты. Бүгінде сол азаматтардың үлкені 80 жасқа таяп, кішісі 60 жастан асты. Жыл өткен сайын олардың қатары сиреп барады. Желтоқсан көтерілісіне қатысып, қуғын-сүргін мен зорлық-зомбылық көрген азаматтар лайықты құрмет пен жүйелі қолдауға мұқтаж.

Осыған байланысты, Бірлестік атынан төмендегі мәселелерді қарастырып, қолдау көрсетуіңізді сұраймыз:

## I. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азаматтарды ақталған, ақталмаған деп бөлмей, барлығын жергілікті деңгейде лайықты марапаттап, мемлекеттік наградаларға ұсыну;

Еліне адал қызмет етіп жүрген желтоқсаншыларды облыс, қала, аудан деңгейінде «Құрметті азаматы» атағына ұсыну;

3. Лайықты желтоқсаншыларды мәслихаттар мен Мәжіліс депутаттығына ұсынуға қолдау көрсету;

4. Желтоқсаншы кәсіпкерлерге мүмкіндігінше қолдау көрсетіп, қайтарымсыз гранттар беру;

5. Облыстық, қалалық және аудандық қоғамдық іс-шараларға желтоқсаншыларды тұрақты түрде қатыстыру.

"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ "Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
КІРІС № 1157
13 05 2026

## II. ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

1. Желтоқсан ардагерлеріне қоғамдық көліктерде тегін жүру құқығын беру;

2. Қалалар мен облыстар көлемінде қоғамдық көліктерде тегін жүру мәселесін әкімдік пен мәслихат деңгейінде шешуге ықпал ету;

3. Желтоқсан ардагерлеріне арналған арнайы әлеуметтік қолдау тетіктерін күшейту;

4. Мүгедектігі бар немесе зейнет жасына жеткен Желтоқсан ардагерлеріне төленетін төлемдердің пайыздық мөлшерін арттыру;

5. Желтоқсан ардагерлеріне ай сайын төленетін жәрдемақы тағайындап, коммуналдық төлемдерге жеңілдіктер қарастыру;

6. Желтоқсан ардагерлерінің балаларына кәсіптік және жоғары білім алуға гранттар бөлу;

7. Тұрғын үй бағдарламалары аясында Желтоқсан ардагерлеріне жеңілдетілген пайызбен тұрғын үй беру;

8. Желтоқсан ардагерлеріне тегін жер телімдерін беру мәселесін қарастыру.

## III. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАУ

1. Желтоқсан көтерілісіне қатысып, денсаулығынан айырылған азаматтарға тегін медициналық қызмет көрсету;

2. Ардагерлерді жыл сайын толық медициналық тексеруден өткізіп, тұрақты бақылауға алу;

3. Мүгедектік алған Желтоқсан ардагерлерін жеке оңалту бағдарламаларына енгізіп, комиссиядан өту рәсімдерін жеңілдету;

4. Қалалық және облыстық бюджет есебінен емдеу-сауықтыру шараларын ұйымдастырып, жылына бір рет санаторийлік-курорттық емдеуге тегін жолдама беру.

## IV. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ

1. Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін қудалауға ұшыраған азаматтардың ақталуына (прокуратура мен сотта қаралатын істері бойынша) құқықтық көмек көрсету.

## V. ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ РУХАНИ ҰЛЫҚТАУ

1. Қала, облыс және аудан орталықтарында желтоқсаншылардың (ақталған, ақталмаған деп бөлмей) суреттері бейнеленген билбордтар орналастыру;

2. Желтоқсаншыларға арналған арнайы мұражайлар ашу;

3. Мектептерде, мұражайлар мен кітапханаларда өңірдің желтоқсаншы түлектеріне арналған «Желтоқсан бұрыштарын» ұйымдастыру;

4. Желтоқсан көтерілісіне арналған ескерткіштер орнату;

5. Өңір орталықтарында «Желтоқсан» саябақтарын ашу.

Желтоқсаншылар – ел тәуелсіздігі жолында қайсарлық танытқан азаматтар. Олар бүгін де мемлекетімізге адал қызмет етуге әрқашан дайын. Сондықтан тарихи әділеттілік пен рухани сабақтастықты қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет деп білеміз.

Осы жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша нақты шешім қабылдап, тиісті құрылымдарға тапсырма беріп, заң аясында қолдау көрсетеді деп сенеміз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ • РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ БСН 090340017289
ПАТРИОТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС
«ЖЕЛТОҚСАН АҚИҚАТЫ»

**Төраға** **Б.Құрымбаев**

e·Otinish
Единая платформа приема и обработки всех обращений граждан

**Обращение № ЗТ-2026-01895905/3/6/4**

Дата приема обращения: 14.05.2026 08:01

Адресат обращения: Коммунальное государственное учреждение "Отдел образования Т.Рыскуловского района управления образования акимата Жамбылской области"

Адрес получателя обращения: с.Кулан

Данные заявителя:

ИИН: 090340017289

ФИО: Республиканское Общественное Объединение "Патриотическое движение "Желтоқсан ақиқаты"

Телефон: +77073874035

Обращение:

Тип обращения: Заявление

Язык обращения: Государственный

Описание обращения:

Жамбыл облысының әкімі Е.Ш.Қарашөкеев мырзаға Құрметті Ербол Шырақпайұлы! Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Бірлестік) – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің бастауы болған 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың мүддесін қорғау мақсатында желтоқсаншылардың басын біріктіріп отырған республикалық ұйым. Бірлестік 2009 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңды түрде тіркелген. Қазіргі таңда еліміздің аумағында 15-тен астам филиал жұмыс істейді. Ұйым мүшелерінің саны 2 500-ден асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында: «1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарына қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты... Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек», – деп атап өтті. Тарихи деректерге сәйкес, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне 20–30 мыңға жуық қазақ жастары қатысқан. Көтеріліске негізінен студенттер мен жұмысшы жастар шықты. Бүгінде сол азаматтардың үлкені 80 жасқа таяп, кішісі 60 жастан асты.

AnyScanner

Жыл өткен сайын олардың қатары сиреп барады. Желтоқсан көтерілісіне қатысып, қуғын-сүргін мен зорлық-зомбылық көрген азаматтар лайықты құрмет пен жүйелі қолдауға мұқтаж. Осыған байланысты, Бірлестік атынан төмендегі мәселелерді қарастырып, қолдау көрсетуіңізді сұраймыз: I. ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ 1. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азаматтарды ақталған, ақталмаған деп бөлмей, барлығын жергілікті деңгейде лайықты марапаттап, мемлекеттік наградаларға ұсыну; Еліне адал қызмет етіп жүрген желтоқсаншыларды облыс, қала, аудан деңгейінде «Құрметті азаматы» атағына ұсыну; 3. Лайықты желтоқсаншыларды мәслихаттар мен Мәжіліс депутаттығына ұсынуға қолдау көрсету; 4. Желтоқсаншы кәсіпкерлерге мүмкіндігінше қолдау көрсетіп, қайтарымсыз гранттар беру; 5. Облыстық, қалалық және аудандық қоғамдық іс-шараларға желтоқсаншыларды тұрақты түрде қатыстыру. II. ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР 1. Желтоқсан ардагерлеріне қоғамдық көліктерде тегін жүру құқығын беру; 2. Қалалар мен облыстар көлемінде қоғамдық көліктерде тегін жүру мәселесін әкімдік пен мәслихат деңгейінде шешуге ықпал ету; 3. Желтоқсан ардагерлеріне арналған арнайы әлеуметтік қолдау тетіктерін күшейту; 4. Мүгедектігі бар немесе зейнет жасына жеткен Желтоқсан ардагерлеріне төленетін төлемдердің пайыздық мөлшерін арттыру; 5. Желтоқсан ардагерлеріне ай сайын төленетін жәрдемақы тағайындап, коммуналдық төлемдерге жеңілдіктер қарастыру; 6. Желтоқсан ардагерлерінің балаларына кәсіптік және жоғары білім алуға гранттар бөлу; 7. Тұрғын үй бағдарламалары аясында Желтоқсан ардагерлеріне жеңілдетілген пайызбен тұрғын үй беру; 8. Желтоқсан ардагерлеріне тегін жер телімдерін беру мәселесін қарастыру. III. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОЛДАУ 1. Желтоқсан көтерілісіне қатысып, денсаулығынан айырылған азаматтарға тегін медициналық қызмет көрсету; 2. Ардагерлерді жыл сайын толық медициналық тексеруден өткізіп, тұрақты бақылауға алу; 3. Мүгедектік алған Желтоқсан ардагерлерін жеке оңалту бағдарламаларына енгізіп, комиссиядан өту рәсімдерін жеңілдету; 4. Қалалық және облыстық бюджет есебінен емдеу-сауықтыру шараларын ұйымдастырып, жылына бір рет санаторийлік-курорттық емдеуге тегін жолдама беру. IV. ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДАУ 1. Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін қудалауға ұшыраған азаматтардың ақталуына (прокуратура мен сотта қаралатын істері бойынша) құқықтық көмек көрсету. V. ТАРИХИ ЖАД ЖӘНЕ РУХАНИ ҰЛЫҚТАУ 1. Қала, облыс және аудан орталықтарында желтоқсаншылардың (ақталған, ақталмаған деп бөлмей) суреттері бейнеленген билбордтар орналастыру; 2. Желтоқсаншыларға арналған арнайы мұражайлар ашу; 3. Мектептерде, мұражайлар мен кітапханаларда өңірдің желтоқсаншы түлектеріне арналған «Желтоқсан

AnyScanner

бұрыштарын» ұйымдастыру; 4. Желтоқсан көтерілісіне арналған ескерткіштер орнату; 5. Өңір орталықтарында «Желтоқсан» саябақтарын ашу. Желтоқсаншылар – ел тәуелсіздігі жолында қайсарлық танытқан азаматтар. Олар бүгін де мемлекетімізге адал қызмет етуге әрқашан дайын. Сондықтан тарихи әділеттілік пен рухани сабақтастықты қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет деп білеміз. Осы жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша нақты шешім қабылдап, тиісті құрылымдарға тапсырма беріп, заң аясында қолдау көрсетеді деп сенеміз. Төраға Б.Құрымбаев

Вложенные файлы:

1. 19-Жамбыл облысы.pdf

Способ получения ответа: В ЦОНе

Оператор: ҚЫЗЫРАЛЫ МҰРАТ БАТЫРЖАНҰЛЫ

Подпись должностного лица/Заявителя:

SCAN AnyScanner